6D050600 – «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жупаргул Шайласовна Абдыкалиеваның «Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық кооперативтерін тиімді дамыту мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АННОТАЦИЯ

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тиімді дамуын жақсартуға бағытталған теориялық әдістемелік және әдістемелік негіздер мен практикалық ұсыныстарды әзірлеу.

Осы зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер анықталды**:**

- ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жұмыс істеу тиімділігін арттырудың ғылыми-әдістемелік және әдістемелік негіздерін зерттеу, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кооперацияның әртүрлі нысандарына біріктіру тиімділігінің критерийін негіздеу;

- шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларына қатысты «Ауыл шаруашылығы кооперативі», «Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тиімді қызметі» ұғымының мәні мен экономикалық мазмұнын айқындау;

- кооперативтерді дамытудың әлемдік тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізу және АӨК қазақстандық экономикасына табысты модельдерді бейімдеу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- АӨК кооператив секторының ағымдағы жай-күйін зерделеу, түйінді мәселелерді анықтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтерінің, әсіресе елдің оңтүстік өңірлерінің қызметіне экономикалық бағалау жүргізу;

- ауыл шаруашылығы кооперациясының дамуына әсер ететін бағыттар мен факторларды анықтау, мемлекеттік қолдау тетіктерін айқындау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- ауыл шаруашылығы кооперативтерінің аграрлық кәсіпкерліктің ерекше нысаны ретіндегі айрықша сипаттамаларын және олардың ауыл шаруашылығы мен ауылдық аумақтарды дамытуға қосқан үлесін негіздеу;

- кооперативтердің қызметін қарқындату үшін цифрлық шешімдер мен заманауи өндірістік технологияларды енгізу бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

- кооперативтік объектілерді: өңдеу пункттерін, сервистік орталықтарды және т. б. құруды қамтитын ауыл шаруашылығы кооперациясының қолданбалы модельдерін әзірлеу;

- өзара іс-қимылдың кооперативтік моделі негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілерді интеграциялау тетіктерін ұсыну;

- ұлттық аграрлық жүйеде ауыл шаруашылығы кооперативтерін тиімді дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігін негіздеу.

Зерттеудің әдістері.

Зерттеудің ғылыми негізін аграрлық экономика, кооперативтерді институционалдық дамыту және аграрлық өндірістің тиімділігін арттыру саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Әдіснамалық база ретінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары, сондай-ақ авторлық бақылаулар, сараптамалық сұхбаттар және талдамалық шолуларды талдау барысында алынған эмпирикалық деректер пайдаланылды.

Жұмыста қойылған мақсаттарға жету үшін ғылыми әдістер кешені қолданылды:

- экономикалық — статистикалық талдау-ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің сандық көрсеткіштерін өңдеу үшін;
- абстрактілі — логикалық әдіс-теориялық жалпылау мен қорытындыларды тұжырымдау кезінде;
-монографиялық тәсіл-кооперативтік құрылымдардың перспективалық модельдерін зерттеу және негіздеу кезінде;
-салыстырмалы және жүйелік талдау — кооперацияның әртүрлі формаларын салыстыру және олардың тиімділігін бағалау;
-деректерді топтастыру, экономикалық-математикалық модельдеу және есептеу — конструктивтік әдістер-модельдер құру және басқарудың кооперативтік нысандарының дамуын болжау.

Эмпирикалық база ретінде ауыл шаруашылығы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми статистикалық материалдары, қолданыстағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің есептік деректері, аграрлық кооперация проблемаларына арналған мамандандырылған форумдар мен конференциялардың материалдары, бейінді мерзімді басылымдарда жарияланымдар, сондай-ақ Интернет желісіндегі ашық көздерден алынған деректер пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу аясында келесі жаңа ғылыми нәтижелер алынды:

-автор аграрлық қайта құрудың қазіргі кезеңінің ерекшеліктерін көрсететін «ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі», «ауыл шаруашылығы сервистік кооперативі» және «ауыл шаруашылығы кооперативінің жұмыс істеу тиімділігі» ұғымдарының түпнұсқалық түсіндірмесін тұжырымдалған;

-ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту стратегиясын әзірлеуге кооперативтік нысандарды заманауи талаптарға және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қажеттіліктеріне бейімдеуге негізделген тұжырымдамалық көзқарас ұсынылды;

-кооперативтер шеңберіндегі өндірістік процестерді цифрландырудың орындылығы, оның ішінде сүтті мал шаруашылығы және қалдықтарды экологиялық таза кәдеге жарату саласында негізделді;

-ауыл шаруашылығы кооперациясының инновациялық ұйымдық үлгілері жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың мысалында әзірленді әзірленді («Мерке өнімдері» ӨК, «Токжайлау», «КормСнабТастобе», «Нарынқол ет» АШӨК т.б), оның ішінде олардың қызметінің экономикалық көрсеткіштері есептелінді;

- тұрақты ауыл шаруашылығы өндірісінің элементі ретінде «Қаратал Шекер» ауылшаруашылық кооператив (АШӨК) базасында қызылша алқабының ауыспалы егіс жүйесін енгізу арқылы ауыл шаруашылығы кооперативінің моделі ұсынылды;

-агроөнеркәсіптік кешеннің өндірістік және қайта өңдеу бөлімшелері арасындағы кооперациялық интеграция механизмі әзірленді;

-құқықтық базаны талдау негізінде еліміздің агроөнеркәсіптік кешеніндегі (соның ішінде Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңы, Салық кодексі және т.б.) кооперативтік сектордың өсуін ынталандыруға және кедергілерді жоюға бағытталған қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізу ұсынылды.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Аграрлық қайта құрудың қазіргі кезеңінің ерекшеліктерін көрсететін «ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі», «ауыл шаруашылығы сервистік кооперативі» және «ауыл шаруашылығы кооперативінің қызмет ету тиімділігі» ұғымдарының авторлық түсіндірмесі;

2. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кооперацияның әртүрлі нысандарына біріктіру тиімділігінің критерийлерінің жүйесі және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тиімді қызметінің көрсеткіштері, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру стратегиясының авторлық пайымы;

3. Қолданыстағы ынтымақтастық үлгілерін кешенді экономикалық бағалаудың нәтижелері, олардың Қазақстан Республикасы жағдайында жұмыс істеуінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау.

4. Кооперативтер мысалында («Мерке өнімдері» ӨК, «Тоқжайлау» АШӨК) цифрлық шешімдерді және органикалық қалдықтарды кәдеге жаратудың заманауи әдістерін қолданудың дәлелденген экономикалық орындылығы, сонымен қатар «Қаратал Шекер» АШӨК базасында жеті танапты ауыспалы егісін енгізудің тиімділігін есептеу.

5. Инфрақұрылымдық объектілерді ұйымдастырумен және олардың экономикалық тиімділігін есептеумен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің перспективалық үлгілері әзірленді – қызмет көрсету орталығы («КормСнабТастөбе» АШӨК), мал бордақылау цехы («Нарынкөл ет» АШӨК).

6. Кооперативті және кластерлік құрылымдарды қалыптастыруға бағытталған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен өңдеушілер арасындағы тиімді өзара іс-қимыл моделі ұсынылған.

7. Институционалдық кедергілерді жою және кооперацияның тұрақты дамуын ынталандыру мақсатында қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны, оның ішінде «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы»

Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының Салық кодексін және басқа да актілерді түзету бойынша ұсыныстар дайындалды.

8. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніндегі ауыл шаруашылығы кооперациясын жандандыруға және тиімділігін арттыруға бағытталған ұйымдық-экономикалық механизм қалыптастырылды.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық мәні.

Зерттеудегі тұжырымдар мен ұсыныстардың жоғары теориялық және әдістемелік маңызы бар және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуға ғылыми көзқарасты жетілдіруге бағытталған. Бұл зерттеудің теориялық әзірлемелерін экономикалық мамандықтарға арналған оқу-әдістемелік бағдарламаларды дайындауда және «Ауыл шаруашылық экономикасы», «Кәсіпорын экономикасы», «Ұлттық экономика», «Агроөнеркәсіптік секторындағы есеп және есептілік» және басқа да курстар мен пәндер бойынша оқу кезінде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық мәні.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және алғашқы өңдеуге заманауи технологияларды енгізу, сондай-ақ кооперативтік секторды құқықтық реттеуді және мемлекеттік қолдауды жетілдіру арқылы ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған қолданбалы ұсыныстар әзірлеуде.

Ұсынылып отырған тетіктер шағын ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі мәселелерін шешуге, кооперативке қатысушылардың экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, өндірілген өнімді өткізуді тұрақтандыруға, сондай-ақ бірлескен кооперативтік инфрақұрылымды құруға және дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуға қатысты нормативтік-құқықтық актілеріне өзгеріс-тер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі ғылыми негізделді, атап айтқанда «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» ҚР Заңына, ҚР Салық кодексіне және т.б. ауыл шаруашылық кооперативтерінің өндірістік шығындарын оңтайландыру жөніндегі ұсыныстар «Мерке өнимдері» ӨК, «Тоқжайлау» АШӨК және басқа АШӨК-де пайдаланды, мұны енгізу актілері растайды.

Ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Диссертация тақырыбы мемлекеттік бағдарламаларға, нормативтік-құқықтық актілерге және басқа да құжаттарға сәйкес келеді:

- «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы ;
- «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-VЗ Заңы;
- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауыл шаруашылығы кооперативтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы No 373-V Қазақстан Республикасының Заңы ;

- Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

- «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 246 қаулысымен бекітілген «Халық табысын 2025 жылға дейін арттыру бағдарламасы» кешенді жоспары;

- Елбасының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: қазіргі заманғы сын-қатерлер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

- «Ауыл аманаты» жобасы.

Өтініш берушінің әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау.

Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер мен қорытындылар 25 ғылыми жұмыста көрініс тапты, оның 1- нөлдік емес импакт-факторы бар журналда жарияланған ғылыми мақала және Scopus деректер базасына енгізілген, 8 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда жарияланды, 14-халықаралық және отандық ғылыми жинақтарда жарияланған мақалалар, сондай-ақ ғылыми жобаға қатысу шеңберінде бірлесіп әзірленген 2 әдістемелік ұсыныстар.

Автор диссертация тақырыбы бойынша арнайы біліктілік пен практикалық тәжірибесі бар болғандықтан, диссертацияны дайындаудың барлық кезеңдерінде өз бетінше зерттеу жүргізді.